

Шығыс Қазақстан облысының қорғасын-мырыш саласына жататын кәсіпорындарының қаржылық жағдайларын тұрақтандыру мен одан әрі дамытуға жағдай жасау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 қараша N 1453

Қазақстан Республикасының Үкіметі "Шығыс Қазақстан облысының түсті металлургия кәсіпорындарын дағдарыстан шығару жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 425 P960425_ қаулысының орындалуын қарай келіп "Ridder-Invest" инвестициялық компаниясы жүргізген қайта ұйымдастыру шараларының нәтижесінде "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Лениногор полиметалл комбинаты" және "Зырян қорғасын комбинаты" акционерлік қоғамдарының жұмысы тұрақтандырылғанын атап өтеді.

Сонымен бірге өткізілген аудит пен сараптамалық бағалаулар жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың кәсіпорындарында геологиялық және кен-техникалық жағдайлар нашарлай түсуде, соңғы 10 жылда негізгі қорларды қайта құрылымдау мен модернизациялау жүргізілген жоқ, қазіргі кезеңде мына акционерлік қоғамдар бойынша тозу деңгейі: "Лениногор полиметалл комбинаты" - 49,4 процент, "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" - 57,2 процент, "Зырян қорғасын комбинаты" - 51,4 процент. акционерлік қоғам бойынша кредиторлық берешек: "Лениногор полиметалл комбинаты" - 65,7 млн. АҚШ доллары, "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" - 83,8 млн. АҚШ доллары, "Зырян қорғасын комбинаты" - 23,5 млн. АҚШ долларын құрайды, бұл осы кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығының шиеліністі дәрежесіне сәйкес келеді. Жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың төлем қабілеттілігін және тиімді өндірістік қызметін қалпына келтіретін болашағының жоқтығы өндірісті қолдау мен әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған келелі шараларды жүргізудің қажеттігін көрсетеді.

Шығыс Қазақстан Республикасының қорғасын-мырыш саласына жататын кәсіпорындардың қаржылық жағдайларын тұрақтандыру мен оларды одан әрі дамытуға жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен:

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Лениногор полиметалл комбинаты" және "Зырян қорғасын комбинаты" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп "Казцинк" акционерлік қоғамын құру және аталған акционерлік қоғамдардың "Казцинк" акционерлік қоғамының жарғылық қорына өткізу кезіндегі берілетін негізгі қаражат балансы құрамындағы айналыс қаржысымен бірге негізгі қаражат түрінде 1-қосымшаға

сәйкес құрылтай салымын енгізуі жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізісін;

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен бірлесіп "Казцинк" акционерлік қоғамының жарғылық қорына мемлекеттің құрылтай салымы ретінде Малеевск, Риддер-Сокольное, Тишинск кен орындарына жер қойнауын пайдалану құқығы ретінде, сондай-ақ осы кен орындары бойынша геологиялық ақпараттар енгізісін;

"Казцинк" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы ретінде Г.Г.Штойк ұсынылсын;

"Казцинк" акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысына аталған қоғамды Өскемен қаласында мемлекеттік тіркеуден өткізу ұсынылсын;

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Зырян қорғасын комбинаты", "Лениногор полиметалл комбинаты", "Казцинк" акционерлік қоғамдарына қаржылық менеджер және оператор ретінде "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамы ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Казцинк" акционерлік қоғамына Малеевск, Риддер-Сокольное, Тишинск кен орындарында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқық беретін тиісті лицензияларды белгіленген тәртіппен қайта ресімдесін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Казцинк" акционерлік қоғамымен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге белгіленген тәртіппен тиісті контрактілер жасассын.

4. Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Казцинк" акционерлік қоғамына белгіленген тәртіппен тиісті жер пайдалану құқығын ресімдесін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен:

"Алтайэнерго" акционерлік қоғамының жарғылық қорын "Бұқтырма ГЭС-і" мүліктік кешенінің құнына төмендету жөнінде шаралар қабылдасын;

"Бұқтырма ГЭС-і" мүліктік кешенін жалгерлік шартта Бұқтырма ГЭС-інің энергетикалық қызметін реттеу ерекшелігін көздей отырып "Казцинк" акционерлік қоғамына ұзақ мерзімге жалға берсін;

бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп, "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамын тарта отырып "Казцинк" акционерлік қоғамын жекешелендірудің жоспарын жасасын.

6. "Казцинк" акционерлік қоғамын құру процесін жалпы үйлестіру мақсатында 2-қосымшадағы құрамға сәйкес үкімет комиссиясы құрылысын:

Үкімет комиссиясы "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамын тарта отырып "Казцинк" акционерлік қоғамын дамытудың инвестициялық бағдарламасын әзірлесін.

7. "Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын басқарудың

құрылымын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1033 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Электр энергетика" саласындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінен Бұқтырма ГЭС-і алынып тасталсын.

8. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 15 қарашадағы N 1534 қаулысы;

"Шығыс Қазақстан облысының түсті металлургия кәсіпорындарын

дағдарыстан шығару жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 425 қаулысының 4, 5-тармақтары.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 қарашадағы
N 1453 қаулысына
1-қосымша

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Лениногор
полиметалл комбинаты", "Зырян қорғасын комбинаты"
акционерлік қоғамдарының негізгі құралдары мен мүлкі

Акционерлік қоғамдар		Негізгі құралдар мен мүліктер
-------------------------	--	-------------------------------

1		2
---	--	---

"Өскемен қорғасын мырыш комбинаты" АҚ	Қорғасын зауыты Мырыш зауыты
--	---------------------------------

Химия металлургия цехы
Аффинажды цехы
Сілті-қышқыл цехы
Байланыс цехы
Электр жөндеу цехы
Желілер мен көмекші станциялар цехы
Жылу қуаты цехы
Оттегі-аргонды цехы
Өлшеуіш техника және автоматика
орталық лабораториясы
Автокөлік цехы
Жұмысшыларды жабдықтау басқармасы
Мамандандырылған құрылыс жөндеу
басқармасы
Теміржолцехы
Химсутазарту
Техникалық бақылау бөлімі
Химлаборатория
Тәжірибе металлургия цехы
"Жасыл цех" шаруашылығы

<*>

Баспахана
Әскерилендірілген күзет
Басқарма
Ақпараттық-есептеу орталығы
Орталық жөндеу механикаландырылған
базасы
Жөндеу-құрылыс басқармасы
Техникалық жабдықтау қоймалары

<*>

. Ескерту. "Жасыл цех" шаруашылығы құрамына пионер лагері,
"Айна" демалыс базасы, мейманхана-офис, Металлургтердің мәдениет
сарайы, профилакторий есептеледі.

"Лениногор ЖМК" АҚ Риддер-Соколді алаңы
Кен-байыту фабрикасы
Мырыш зауыты
Теміржол цехы

Желілер мен көмекші станциялар цехы
Энергия цехы
Орталық автоматика лабораториясы
Уақтау және байыту цехы
Тишин кеніші
Комбинат басқармасы
Жабдықтарды күрделі жөндеу цехы
Орталық химия лабораториясы
Техникалық бақылау бөлімі
Қоғамдық тамақтандыру және сауда
цехы
Ағаш өңдеу кешені
Профилакторий

"Зырян қорғасын комбинаты" АҚ Малеев кеніші

Кен байыту фабрикасы
Тау-кен көлік цехы
Автокөлік цехы
Құрылыс-монтаж басқармасы
Электр цехы
Компрессор-оттегі цехы
Жөндеу-механикалық базасы
Өнеркәсіптік қазандық цехы
Теміржол цехы
Орталық химия лабораториясы
Техникалық жабдықтау
Техникалық бақылау бөлімі
Басқарма
Суканал
Туристік-мейманхана кешені
Еңбек және спорт мәдениет үйі
Әскерилендірілген күзет
Еңбекті қорғау лабораториясы
Қоғамдық тамақтандыру цехы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 29 қарашадағы

№ 1453 қаулысына

2-қосымша

Үкімет комиссиясының құрамы

- Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі, комиссия төрағасы
- Молоканов А.А. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
- Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
- Андрющенко А.И. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары
- Удовенко С.Л. - Қазақстан Республикасының Үкімет Аппараты Өнеркәсіп саясаты бөлімінің меңгерушісі
- Забелин Ю.В. - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары
- Молдахметов Н.С. - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі экономикалық және әлеуметтік-мәдени заңдар басқармасының бастығы
- Фельд Е.Д. - "Қазкоммерцбанк" ААҚ басқармасы төрағасының орынбасары